

Сатып алу қызметі

Компания сатып алу қызметін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан аса пайызы меншік құқығы немесе сенімгерлікпен басқару құқығы бойынша «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ-ға тиісті ұйымдардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес жүргізеді. Қағидалар тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- ▶ сатып алу барысының жариялылығы мен ашықтығы;
- ▶ сатып алуға бөлінетін қаражаттың оңтайлы әрі тиімді жұмсалыуы;
- ▶ сапалы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу;
- ▶ Холдингтің Мүгедектер ұйымдарының (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын мүгедек жеке тұлғалар) тізіліміне кіретін мүгедектер ұйымдарын (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын мүгедек жеке тұлғаларды) қолдау шартымен барлық әлеуетті жеткізушілерге сатып алу барысына қатысуға бірдей мүмкіндік беру;
- ▶ әлеуетті жеткізушілердің арасындағы адал бәсекелестік;
- ▶ холдинг ішіндегі кооперацияны дамыту мақсатында Холдингке кіретін ұйымдардың арасында сатып алуға жағдай жасау;
- ▶ қабылданатын шешімдерді бақылау және олар үшін жауапты болу;
- ▶ сатып алу барысына делдалдардың қатысуын барынша азайту;
- ▶ инвестициялық стратегиялық жобаларды тиімді жүзеге асыру.

Сатып алу барысы сатып алу жоспар(лар)ын әзірлеу және бекіту, жеткізушіні таңдау, сатып алу жөнінде шарт жасасу және шартты орындаудан тұрады.

Компанияның 2017 жылғы ақшалай түсімінің өсуі 2016 жылғымен салыстырғанда 27% немесе жоспарланған көрсеткішпен салыстырғанда 13% құраған.

2017 жылғы сатып алулар көлемі, млн теңгемен, ҚҚС есептелмеген

Атауы	Сомасы	орынд.%	
2017 жылға арналған сатып алулар жоспарының сомасы	82 052,92	100	
соның ішінде:			
тауарлар	8 123,94	9,9	
жұмыстар	30 437,67	37,1	
қызметтер	43 491,31	53,0	
Жеткізушілері белгіленген сатып алулар сомасы	82 052,92	100	ЖҚ үлесі
соның ішінде:			
тауарлар	8 123,94	100,0	69,0%
жұмыстар	30 437,67	100,0	76,9%
қызметтер	43 491,31	100,0	87,1%
Шарттардың қорытындысы бойынша үнем	4 327,21	5	
соның ішінде:			
тауарлар	488,94	6,0	
жұмыстар	469,41	1,5	
қызметтер	3 368,86	7,7	

